

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

- интеграция Казахстана в систему мирового туристского рынка и развитие международного сотрудничества в области въездного туризма;
- создание современной системы подготовки, переподготовки и повышения квалификации подготовки работников индустрии въездного туризма;
- создание новых рабочих мест и возрастание доходов населения;
- рост инвестиционной привлекательности республики;
- приближение Казахстана к числу тридцати самых конкурентоспособных, благоприятных для ведения бизнеса и развитых стран мира.

Литература

- 1 Рубаник А.Н., Ушаков Д.С. Технология въездного туризма / А.Н. Рубаник, Д.С. Ушаков. – Ростов н/Д.: Изд. центр «МарТ», 2010. – 384 с.
- 2 О Государственной программе развития и интеграции инфраструктуры транспортной системы Республики Казахстан до 2020 года: Указ Президента РК от 13 января 2013 года № 725 [Электронный ресурс].

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛАНДЫРЫЛУ ҮРДІСІНДЕГІ ТУРИСТІК ИНДУСТРИЯНЫҢ ЖАҒДАЙЫ МЕН КЕЛЕШЕКТІК БАҒЫТТАРЫ

Дүйсембаев А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: duisembaev_aa@enu.kz

Қазіргі таңда туризм экономикада қарқынды салалардың бірі. Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін салалардың біріне жатқызды. ДТҰ-ның соңғы мәліметтеріне сәйкес туризм 6% әлемдік экспортқа және 30% барлық экспорт қызметіне тиесілі. Алдыңғы жылдың өзінде Халықаралық деңгейде келушілердің саны 1,4 миллиардқа жеткен. Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің бірі. Туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде, оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көз ретінде маңызы артуда. Елдердің шикізат көзі азайып, туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істеуде [1].

Туризмнің дамуы Еуразиялық интеграцияда жоғары талқылауға ие. Сонымен қатар ЕАЭО елдерінде туристік секторлар белгілі потенциалды көрсетеді, яғни интеграциялық процесстерге әсер етіп экономикалық нүктенің шегіне шықты. 2015 жылдан бастап ЕАЭО құрамына жалпы ауданы 20 млн.кв.км-ге жететін ел – қатысушылар кірді. Яғни, осы елдерде туристік

жабдықтарды алу 183 млн. адамға дейін өсті. ХБҚ-ң дерек көздері бойынша ЕАЭО елдерінде ЖІӨ 4 трлн. АҚШ долларымен тең. Еуразиялық Экономикалық Комитетте БАҚ-ң айтуынша, ЕАЭО экономиканың 40 секторын басып ала алады, оның ішінде туризм саласы да кіреді. Басқа елдер өздерінің туристік секторларын біріктіріп, бәсекелестіктің алдын алып, керісінше оған ықпал жасап, туристер бір ғана өңірге ғана бармай басқа да өңірлерді аралауына мүмкіндік беруге ықпал етуде. Соған ең үлкен мысал ретінде Шенген өңірін жатқызады, яғни адамдардың келіп кетуі ешқандай тексерілусіз өткізіледі. Сонымен қатар басқа да жоспарлар бар. Ол Оңтүстік –Шығыс Азия қауымдастығы үшін ортақ визаны шығару.

ЕАЭО елдеріндегі ішкі өңірінде туризмнің дамуына үлкен нәтижелерге жетуіне мүмкіндік береді. Жақында интеграция және макроэкономика министрі Татьяна Валоваяның айтуынша болашақта ЕАЭО елдерінде ортақ виза шығарылады. Бұл Халықаралық Туристік ұйымның ұсынысымен қабылданған болатын. Қазақстан Республикасының Халықаралық интеграциялық жобаларға қатысуын қарап шығуымыз қажет. Қазіргі уақытта, Дүниежүзілік туристік ұйымының мәліметтері бойынша әрбір 11 жұмыс орны, бүкіл әлемде туристік бизнесті құрады. Қазақстанда Еуразияның қоғамдық және мәдениет орталығын жасау үшін конгрестік туризмді дамыту маңызды. Туризм саласында халықаралық ынтымақтастық жұмыстарын жүргізудің ЮНЕСКО және БЭСҰ бағдарламаларына қатысу, екі сондай-ақ көп жақты шет елдік мемлекеттермен келісім жасау. Туризмдегі мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру туристік қызметті жүзеге асырудың өзгерген әлеуметтік—экономикалық жағдайларға толық жауап беретін мақсаттарына, қағидаттарына және міндеттеріне сай жаңа көзқарастарды талап етеді. Бүгінгі таңда атқарушы билік органдарымен туризм саласында әрекет ететін ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылды реттеудегі мемлекеттің ролін арттыру қажет [2].

1994 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ең алғашқы лидерлердің бірі ретінде Еуразияшылдық идеяны қолдаған болатын. 2014 жылдың мамыр айында Астана қаласында Қазақстан, Ресей және Беларусь елдерінің арасында Еуразиялық Экономикалық одақ құру жайлы келісімшартқа қол қойылып, ол 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді. Кейін ЕАЭО – на Армения мен Қырғыз Республикасы кіреді.

Кесте 1

Ішке келушілер мен сыртқа шығушылардың саны


| | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
|--------------------------|-----------|-----------|-----------|------------|------------|
| ҚР-на келушілердің саны | 4 097 387 | 5 685 132 | 6 163 204 | 6 841 085 | 6 332 731 |
| ҚР-нан шығушылардың саны | 6 019 171 | 8 020 400 | 9 065 579 | 10 143 710 | 10 449 972 |

Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің шекара қызметінің мәліметтеріне сәйкес елге кірушілер 35% көрсетіп 2014 жылы 6,3 млн адамға жеткен. Ал 2014 жылы сыртқа шығушылардың саны 10,4 млн адамға жеткен. Көбісі шетел келушілері (80%-ға жуығы) – іскерлік және белгілі бір мақсатқа, транзиттік және «жеке мақсатта» келу үшін. Бұл барлық ЕАЭО елдерінде белгілі. Шығу туризмі келу туризміне әсер етеді. ЕАЭО елдерінің ішінде шығу туризмі бойынша ДСҰ-ң айтуынша бірінші орында Ресей, ал екінші орында Қазақстан, содан кейін Қырғызстан, Беларусь, Армения, Өзбекстан. Әр елдің өзінде туристік бағытта өсуінің белгілі дәрежесі көрсетілген.

Егер географиялық тұрғыдан шығу туризмін қарайтын болсақ, онда Қазақстанға мына елдерден азаматтар келген, олар: Өзбекстан Республикасы-33%, Ресей Федерациясы 27,7%, Қырғыз Республикасы-20,6% құрайды. Қазақстан үшін басты алыстан келетін келушілер: Қытай-3.6 %, Турция- 1,6%, Германия -0,4%. Осы көрсеткіштерден Қазақстан ЕАЭО-ң ішіне кіретін Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясының көп туристік бағыттағы қазығушылыққа ие.

Енді Қазақстан Республикасында Халықаралық деңгейде туризмнің даму көрсеткішін қарастыратын болсақ. Бірінші кезекте бұл көрсеткіштер шығу және келу туризміне байланысты.

Туристік өнімдерді экспорттау соңғы 5 жылда 24 % өсіп ол 1,3 млрд АҚШ долларын құрады. Туристік өнімдерді импорттау да 24 %-ға дейін өсіп 1,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Сол себепті туристік сальдо елдің болымсыз қаржылық балансы болып табылады. Сондықтан Қазақстан басқа елдер үшін «туристік донор» екені белгілі. Отандық туристік саланың қазіргі жағдайы анық сыртқы нарықтағы көрсеткішін көрсетеді. Ары қарай ішкі туризм бойына басты көрсеткіштерді қарастыруға болады. Айта кететін жайт Халықаралық практикада статистикалық туристік есеп бойынша туристердің «келуі» Қазақстанның шығу пунктері арқылы шағушылардың санына емес, «орналастыру орындарындағы санына» байланысты [3].



Сурет 1- Жол жүрушілердің экспорт пен импорт қызметтерін қолдануы

ҚР ҰЭМ статистика Комитетінің мәліметтері бойынша соңғы 5 жылда орналастыру орындарындағы қызмет көрсетілген келушілердің саны 33% өсіп, 3,8 млн адамды құраған.

Сонымен бірге елдің ішіндегі туристік сапарлардың мақсаттарын да қарастыру маңызды болып табылады (2-кесте).

Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілерге келу мақсаты бойынша талдау жүргізе отырып, соңғы 3 жылда келесі жағдайды қорытындылауға болады: Қазақстандағы туризм негізінен жергілікке халыққа негізделеді, сонымен қатар шетелдік азаматтардың іскерлік және кәсіби келуіне негізделеді. Қазақстандық келушілер демалыс мақсатында, сонымен қатар іскерлік мақсаттарда белсенді саяхаттайтынын ескеріп кету қажет. Әрі саяхат мақсаттары бойынша бірінше топқа кіретін демалушылар жыл сайын сандық қатынаста өсіп отырады. Шетелдік келушілер елге негізінен іскерлік және кәсіби мақсаттарда келетін болған.

Кесте 2

Сапар мақсаттар бойынша туристерді үлестіру

| Резиденттер/резидент еместер | 2012 | 2013 | 2014 |
|--------------------------------|-------------------|-------------------|-------------------|
| ЖАЛПЫ | 2 507 005/519 22 | 2 721 714/586 038 | 3 129 876/ |
| Соның ішінде: | 2 | | 679 018 |
| Демалыс | 867 670/38 522 | 1 061 096/52 373 | 1 574 649/109 085 |
| Достар мен туыскандарға бару | 103 699/19 891 | 106 564/15 465 | - |
| Іскерлік және кәсіби мақсаттар | 1 478 073/457 683 | 1 472 230/512 089 | 1 549 282/564 579 |
| Емдік сауықтыру процедуралары | 8 971/145 | 13 553/827 | - |
| Дін және қажылық | 12 993/1 | 11 440/171 | - |
| Дүкендерге бару | 26 653/2 498 | 13 805/755 | - |
| Басқа да мақсаттар | 8 946/482 | 43 026/4358 | 5 945/5354 |

Қазақстанның туристік саласындағы көрсетілген қызметтердің негізгі көлемі қонақ үй бизнесіне тиесілі екен.

2010 жылдан 2014 жылға дейін орналастыру орындарында көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі тұрақты болып қала беретіндігін, тіпті оң динамиканы көрсетіп отырғандығын ескертіп кету қажет. Қарастырылып отырған аралықты (ҚР ҰЭМ мәліметтер бойынша) ол 31,1% көбейген. Қызметтер көлемі бойынша бастапқы орынды Алматы және Астана қалалары алатын болса, минимал қызметтер көлемін Солтүстік-Қазақстан облысы көрсетеді екен. Осыдан келе – кірістер деңгейі, шығындар деңгейі және салықтық төлемдер де орын алып отырған позицияларына сәйкес келеді.

Қызмет көрсетілген келушілердің саны бойынша тенденцияларды аша отырып, шетелдік қонақтар негізінен 3,4 және 5 жұлдыз категориялы қонақ

үйлерде тоқтайтынын ескерінін ескерп айтамыз. Ал біздің отандық туристер көбінесе ешқандай категориясы жоқ қонақ үйлерде тоқтайды. Яғни қонақ үй қызметінің сапасын көтеру маңызды жағдай болып табылады.

Дербес сала ретінде туризм Қазақстанда біздің еліміздің тәуелсіз алған күнінен бастап бар. Біздің ақырғы мақсатымыз – бұл халықтың жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін, сырттан келетін және ішкі туризм көлемдерін арттыру есебінен мемлекет пен халық кірістерінің тұрақты өсуі үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрияны қалыптастыру болып табылады. Ал бұны ЕАЭО елдерімен бірге жасаған тиімдірек және жүзеге асыруға болады. Бұны жүзеге асыруға туристік стандарттарды унификациялау, туристік ресмилікті қысқарту ғана емес, ортақ туристік жобалар облысындағы ынтымақтастық та көмек бере алады. Қазақстандық туристік өнімнің нарықта кешенді орталық-азиаттық өнім құрамында тиімді шыға алады [4].

Қазақстанның Кедендік одаққа енуі, ДСҰ енуі, ЕАЭО құрылуы секілді әлемдік экономикаға интеграциялануының барлық процестері бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде талқыланып келеді. Қазақстан мен Ресейдің зерттеушілері Қазақстан тұрғындарының арасындағы интеграциялық процесстердің оң бағаларын көрсетіп отыр. Осы жағдайлардың әрқайсысын 77% аз емес қазақстандықтар оң бағалаған болатын. Бұл Қазақстан тұрғындары үшін интеграциялық процесстер айтарлықтай және нақты болып табылады, себебі экономикалық, білім, мәдени ортаның ашықтығы ынтымақтастықтың жаңа типтерін қалыптастырады. Экономикалық интеграция процесстерінің тереңдеу шамасына байланысты бизнес, капитал, еңбек нарығы саласындағы байланыстар дамитын болады [5].

ЕАЭО құрылғанына дейін ЕАЭО елдері туризм дамуы облысында маңызды қадамдар қабылдап отырған. Жақында Қазақстан Республикасы Универсидла-2017, ЭКСПО-2017 секілді әлемдік масштабтағы маңызды іс-шараларды өткізеді. Ресей Федерациясы 2014 жылдың Қыстық олимпиада ойындарын өткізген болатын. 2018 жылы оның территориясында футболдан әлем Чемпионаты өтетін болады. 2014 жылы Беларусь өз территориясында хоккейден әлем чемпионатын өткізген болатын. Әлемдік масштабтағы маңызды іс-шаралар (ӘЧ, ЭКСПО және т.б.) статистикасы көрсетіп отырғандай, осы іс-шараларға келушілердің 50%-дан астамы көршілес мемлекеттерден келеді. Бұл біздің елдердегі ішкі туристік, экономикалық және әлеуметтік-мәдени алмасу үшін туризм инфрақұрылымын дамыту үшін керемет ынталандыру болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Папирян Г.А. Экономика туризма. - М.: Финансы и статистика, 2000. – 208с.
- 2 Аттокурова Н.С. К вопросу о развитии евразийской интеграции // Экономика и управление в XXI веке: тенденции: XXV Международная научно-практическая конференция. - Екатеринбург. - 2015. - №25. – С.5.
- 3 Кисель П.А. Проблемы туристской отрасли в Республике Казахстан

// Экономика и управление в XXI веке: тенденции: XXV Международная научно-практическая конференция. - Екатеринбург. - 2015. - №25. – С.5.

4 Кайгородцев А.А., Форсайтные исследования состояния и перспектив развития туризма в Республике Казахстан // Отчет «Проведение форсайтных исследований состояния и перспектив научно-технического развития и управления туристской отраслью Республики Казахстан. – Усть-Каменогорск, 2010.

5 Садвокасова А.К. Отношение населения Казахстана к интеграционным проектам // Евразийская Экономическая Интеграция. – 2015. - №3. – С.8.

ЗАМАНАУИ КЕЗЕҢДЕ ТУРИСТІК МАРКЕТИНГ КОММУНИКАЦИЯЛАРЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сабатаева Б.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: b.sabataeva@gmail.com

Заманауи кезеңде, туризм саласының дамуы туристік маркетинг коммуникацияларына және жұмсақ инфрақұрылымға тікелей байланысты. Қарқынды дамып келе жатқан туризм саласы экономикалық дамыған мемлекеттердің ЖІӨ үлкен бөлігін құрайды. Қазақстандағы туристік қызметті дамыту маңыздылығы «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында», «Қазақстан-2050» Стратегиясында қарастырылды [1].

Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, мемлекетімізде 2010 жылдан 2014 жыл аралығында ішкі туризм келушілерінің саны 1.4 млн., адам санына өсті, яғни 1.955 млн. адам санынан 3.130 млн. адам санына. Шетелден келушілер 2010-2014 жылдар аралығында 85 мың адамға өсті ал жұмыспен қамтылғандардың саны 19.1 мың адамға өскен, егер 2009 жыл 110.2 мың адам, 2013 жылы 129.3 мың адам.

2010-2014 жылдар аралығында қонақ үй мен демалу кешендерінің саны 562 нысанға артты, яғни 1494 бірліктен 2056 бірлікке. 2014 жылығы мәлімет бойынша қонақ үйлердің орнын толтыру 22 пайыз [2].

Бүкіл әлемдік туристік ұйымның мәліметтері бойынша, қазір туризм секторы әлемдік экономиканың 9,2 пайызын құрайды (5.75 трлн доллар), ал 2020 жылы екі есеге өсіп-11,75 трлн долларға тең болады. 2020 жылы халықаралық туристік сапарлар саны 2 миллиардтан асып түспек

Әлемдік экономиканың қазіргі даму жағдайында туризм жетекші және серпінді дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша туризм тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің әлемдік экспортында (7,4 %) тек автомобильдер, химия және отын өнімдерінің экспортына жол бере отырып, төртінші орынды иеленеді. Ал